

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 569 бұйрығымен бекітілген

**Кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгезпен қарау фактілерін анықтау және олармен жұмыс істеу бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық**

**1-тарау. Кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерін анықтау**

1. Кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерін анықтау және олармен жұмыс істеу бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының органдары мен ұйымдары қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының аумағында орын алған 18 жасқа дейінгі кез келген жеке тұлғаға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерін анықтау және олармен жұмыс істеу бойынша өзара іс-қимылын айқындайды.

2. Меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының және баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың білім алушылары және (немесе) тәрбиеленушілері болып табылатын кәмелетке толмаған тұлғаларға, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған мектеп жасына дейінгі балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерін анықтауды аулаларды аралау, бару, азаматтарды қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау барысында:

- 1) білім беру;
- 2) ішкі істер;
- 3) денсаулық сақтау;
- 4) халықты әлеуметтік қорғау органдары мен ұйымдарының;
- 5) басқа жергілікті атқарушы органдардың (ұйымдардың, мекемелердің)

қызметкерлері жүзеге асырады.

3. Зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған кәмелетке толмаған туралы ақпарат:

- 1) ауызша өтініш жасау арқылы не байланыстың кез келген түрі, оның ішінде интернет арқылы;
- 2) өтініш бойынша жазбаша нысанда;
- 3) баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы;
- 4) басқа жеке және заңды тұлғалар өтініш жасаған кезде алынуы мүмкін.

4. Зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған кәмелетке толмаған туралы ақпарат осы Нұсқаулықтың 1-тармағында көрсетілген органдардың және (немесе) ұйымдардың кез келгеніне келіп түсуі мүмкін, онда:



- бір жұмыс күні ішінде маман кәмелетке толмаған баланың (отбасы мүшелерінің) тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), тұратын жерін, жалпы мінездемесін қамтитын бала (отбасы) туралы бастапқы ақпаратты қалыптастырады;

- жиналған деректер негізінде маман кәмелетке толмағанмен одан әрі жұмыс істеу үшін басым мемлекеттік органды таңдау туралы шешім қабылдайды және өтініш келіп түскеннен кейін екі күннен кешіктірмей ақпаратты осы елді мекендегі осы бағыттағы жұмысқа жетекшілік ететін жергілікті атқарушы органның маманына береді;

- кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсету, сондай-ақ оған қатысты қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер (әрекетсіздік) туралы қандай да бір ақпарат алған жағдайда, оның құқықтарын қорғау жөнінде шаралар қабылдау үшін, оның ішінде оны қауіпсіз ортаға: кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына, өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарына, үкіметтік емес ұйымдардың дағдарыс орталықтарына орналастыру үшін дереу ішкі істер органдарына (бұдан әрі – ПО) хабарлайды.

5. Кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгез қарау фактісі бойынша ақпарат жергілікті атқарушы органның баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органына (бұдан әрі – қамқоршылық және қорғаншылық органы) қайталаынады.

6. Осы Нұсқаулықтың 1-тармағында көрсетілген орган не ұйым кәмелетке толмаған туралы ақпарат алғаннан кейін келіп түскен өтінішті қолданыстағы заңнамаға сәйкес тіркеуді жүргізеді.

7. Білім беру саласындағы төтенше оқиғалар, оның ішінде кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілері туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетіне ақпарат алған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде «Білім және ғылым саласындағы төтенше оқиғалар туралы жедел ақпарат беру және хабардар ету тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №541 бұйрығына сәйкес жеткізіледі.

## **2-тарау. Білім беру ұйымдарының кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактісі бойынша іс-әрекеттері**

8. Білім беру ұйымы кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алуда барлық профилактика субъектілерімен өзара іс-қимылды мынадай жолдар арқылы жүзеге асырады:

1) кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерін анықтау;



2) ахуалды кешенді бағалауды, құқықтық ағартуды және жеке жұмыс жоспарын әзірлеуді қамтитын зорлық-зомбылық және қатыгездікке ұшыраған баланы психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

3) кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілері бойынша арнайы қызметтерге жүгіну мүмкіндігі туралы хабардар ету;

4) ПО-ға, кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға (бұдан әрі – КТІҚҚК), қамқоршылық және қорғаншылық органына өздеріне мәлім болған кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік фактілері туралы дереу хабарлау, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдарға зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған кәмелетке толмаған туралы ақпарат беру;

5) кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың алдын алуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру;

6) кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілері туралы немесе оларды жасау қатері туралы өтініштерді қарау, олардың жолын кесу шараларын қабылдау;

7) зорлық-зомбылықтан және қатыгездікпен қараудан зардап шеккен кәмелетке толмағандарға көмек көрсету үшін өздерінің құзыреті шеңберінде басқа ұйымдар мен органдарды тарту;

8) мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар өкілдерінің құрамымен зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған бала тұратын отбасының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын зерттеп-қарау актілерін жүргізу;

9) ата-аналар (заңды өкілдер) ата-ана құқықтарын теріс пайдаланған жағдайлар туралы білім беруді басқару органдарын және ПО, КТІҚҚК жазбаша хабардар ету шараларын қолдану;

10) кәмелетке толмаған баланың құқықтары мен мүдделерін бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайлар жойылған, сондай-ақ отбасының негізгі қажеттіліктері қанағаттандырылған жағдайларда кәмелетке толмаған адамға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактісін жабу туралы шешім қабылдау.

9. Зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған кәмелетке толмаған адаммен жүргізілетін жеке жұмыс жоспары мыналарды қамтиды:

1) отбасымен жұмыс: мектептің әлеуметтік педагогтерінің отбасыларға тұрақты негізде баруы; ата-аналар мен өзге де заңды өкілдерді қолдау тобын құру (қажет болған жағдайда); ата-аналарға арналған тәрбие практикалары мен оң тәрбие, балалармен қарым-қатынас, оң тәртіп бойынша бағдарламаны іске асыру; отбасын әлеуметтік қолдау жөніндегі бастамалар, ата-аналардың жұмысқа орналасуына, қажет болған жағдайда жекелеген санаттағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге қаржылық және материалдық көмек көрсету шеңберінде материалдық қолдау көрсетуге, құжаттандыруға жәрдемдесу;

2) баламен жұмыс: баланы қызығушылықтарына сәйкес білім беру қызметінің қосымша нысандарына жіберу, баланың эмоционалды-мінез-құлық



ерекшеліктерін жеке және топтық бейімдеу, консультациялар, түзету, тренинг нысанында баланың әлеуметтенуі мен дербестігін басқару.

### **3-тарау. КТІҚҚК-нің кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактісі бойынша іс-әрекеттері**

10. КТІҚҚК кәмелетке толмағанды зорлық-зомбылықтан және қатыгездіктен қорғау шараларын мынадай жолдар арқылы жүзеге асырады:

1) баланың құқықтарын қорғау, денсаулық сақтау, білім беру функцияларын жүзеге асыратын органдарға, ІО-ға кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгез қараудың профилактикасына және жолын кесуге бағытталған ұйымдастырушылық-практикалық шараларды қабылдау туралы ұсынымдар шығару;

2) кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактісі туралы хабарламалар қабылдау, отбасы (мекеме) туралы қолда бар ақпаратты талдауды жүзеге асыру, қажет болған жағдайда басқа органдар мен ұйымдардан ақпарат сұрату;

3) ІО, денсаулық сақтау, білім беру органдарына қажетті ден қою шараларын қабылдау үшін кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактісі туралы мәліметтер ұсыну;

4) бала құқықтары бұзылуының әрбір жағдайына қатысты шешімдер және мүдделі мемлекеттік органдарға ұсынымдар қабылдау, ата-аналарды немесе заңды өкілдерді тиісті жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету;

5) зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған баланы дағдарыс жағдайларынан шығару үшін сүйемелдеу бойынша әлеуметтік қызметтердің жұмысын үйлестіру;

6) қабылданған шаралар мен қызметтерге мониторингті жүзеге асыру, кәмелетке толмаған зорлық-зомбылық және қатыгездік құрбандарының қажеттіліктерін бағалау;

7) зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған кәмелетке толмаған адаммен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу қажеттігі туралы ақпаратты мүдделі мемлекеттік органдарға жіберу;

8) зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған кәмелетке толмағандарды анықтау, денсаулығын қалпына келтіру және әлеуметтік оңалту жұмыстарын ұйымдастыру;

9) кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, күтіп-бағу, олардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қалыпты дене бітімі мен рухани дамуына теріс әсер ететін немесе оларға қатыгездікпен қарайтын ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді анықтау;

10) зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, күтіп-бағу, олардың денсаулығын сақтау және құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалу жағдайларын зерделеу үшін



кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына, өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарына бару.

#### **4-тарау. ПО-ның кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактісі бойынша іс-әрекеттері**

11. ПО кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алуда профилактиканың барлық субъектілерімен өзара іс-қимылды мынадай жолдар арқылы жүзеге асырады:

1) зорлық-зомбылық пен қатыгездікке жол беретін адамдарды, тұрмысы қолайсыз отбасыларды, өмірлік қиын жағдайда жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау және ПО-ға есепке қоюды жүзеге асыру, олармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу, құқықтық ден қою шараларын қабылдау;

2) кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық, оның ішінде сексуалдық, қатыгездікпен қарау, өзге де қылмыстық қол сұғушылық фактілерін анықтау;

3) кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық жасау фактісі туралы басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға хабарлау;

4) кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық фактілері, ата-ана міндеттерін орындамау туралы келіп түскен хабарламаларды қарау;

5) кезек күттірмейтін тергеу, процестік әрекеттерді және қылмыстық құқық бұзушылық іздерін іздестіруге, табуға, тіркеуге және бекітуге, тиісті сараптамалар тағайындауға бағытталған өзге де іс-шараларды жүргізе отырып, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі нормаларының ережелеріне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерулер жүргізу;

6) кәмелетке толмағанның қатысуымен тергеу әрекеттерін және басқа да іс-шараларды жүргізу үшін оның заңды өкілін, мұндай болмаған кезде не олардың болуы баланың мүдделеріне қайшы келетін кезде баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган өкілін, педагогтерді немесе психологтарды тарту;

7) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, кәмелетке толмаған жәбірленушіні тұрғылықты жері бойынша уақтылы орналастыру мүмкін болмаған жағдайда, баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға немесе арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге (кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы, өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы, дағдарыс орталығы және т. б.) жеткізу туралы шешім қабылдау;

8) жәбірленушіні не оның заңды өкілін қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге адвокаттың қатысу құқығы туралы хабардар ету. Жәбірленушінің не оның заңды өкілінің жазбаша қолдау хатына сәйкес адвокаттың сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысуы туралы қаулы шығару;

9) кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке жол беретін адамдарға қатысты материалдар жинау және істі сот



органдарына жіберу қажеттігі туралы КТІҚҚК, қорғаншылық және қамқоршылық органдарын хабардар ету;

10) қорғаншылық және қамқоршылық органдарына кәмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдерінің ата-ана құқықтарын шектеу және олардан айыру қажеттігі туралы қолдау хат беру;

11) Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетел азаматтарын Қазақстан Республикасының аумағында құжаттандыру мәселелері бойынша құқықтық көмек көрсету және консультация беру.

**5-тарау. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, аудандардың білім беруді басқару органдарының (бұдан әрі – білім беру органдары) кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактісі бойынша іс-әрекеттері**

12. Білім беру органдары кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алуда барлық профилактика субъектілерімен өзара іс-қимылды мынадай жолдар арқылы жүзеге асырады:

1) кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау және олардың құқықтарын бұзу фактілері бойынша оның құқықтарын қорғау жөнінде дереу шараларды қабылдау;

2) қажет болған жағдайда баланы ата-анасынан (заңды өкілдерінен) айырып алу және прокурорға дереу хабарлау;

3) баланы уақытша орналастыруды қамтамасыз ету;

4) күнтізбелік жеті күн ішінде дәлелді қорытынды жасауды қоса алғанда кәмелетке толмағандардың ата-аналарының және заңды өкілдерінің ата-ана құқықтарын шектеуге немесе одан айыруға материалдар жинауды ұйымдастыру және сот органдарына өтініш жіберу;

5) баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша сот талқылауларына қатысу;

6) зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған кәмелетке толмағандардың орналастырылуын және тұру жағдайларын бақылауды қамтамасыз ету;

7) ішкі істер органдарын кәмелетке толмағанға қатысты құқықтарды бұзу, зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілері туралы хабардар ету;

8) зорлық-зомбылықтан зардап шеккен және өмірлік қиын жағдайға тап болған кәмелетке толмағанға қосымша білім алуды (оның ішінде бос уақытын) ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау.



**6-тарау. Денсаулық сақтау ұйымдарының кәмелетке толмаған адамға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактісі бойынша іс-әрекеттері**

13. Денсаулық сақтау ұйымдары кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алуда барлық профилактика субъектілерімен өзара іс-қимылды мынадай жолдар арқылы жүзеге асырады:

1) кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактісін анықтау;

2) баланы көзбен шолып қарап-тексеруді жүргізу;

3) ПО-ға, КТІҚҚК-ға, қамқоршылық және қорғаншылық органдарына өздеріне мәлім болған кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық фактілері туралы дереу хабарлау, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдарға зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған кәмелетке толмаған туралы ақпарат беру;

5) 0-ден 3 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарды, олардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төнген кезде айырып алынған жағдайларда, сондай-ақ баланың құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау қажет болған барлық өзге жағдайларда қабылдауды және күтіп-бағуды жүзеге асыру;

6) медициналық көмек көрсетудің стандартталған операциялық рәсімдеріне сәйкес зорлық-зомбылықтан және қатыгездікпен қараудан зардап шеккен балаларға медициналық көмек көрсету;

7) заңнамада белгіленген тәртіппен арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну.

**7-тарау. Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдарының кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактісі бойынша іс-әрекеттері**

14. Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау органдары кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерінің алдын алуда барлық профилактика субъектілерімен өзара іс-қимылды мынадай жолдар арқылы жүзеге асырады:

1) ПО-ға, КТІҚҚК-ге, қамқоршылық және қорғандылық органдарға өздеріне мәлім болған кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық фактілері туралы дереу хабарлау, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдарға зорлық-зомбылыққа және қатыгездікке ұшыраған кәмелетке толмаған туралы ақпарат беру;

2) мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалауды жүргізу;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету.



**8-тарау. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталықтарының, дағдарыс орталықтарының (бұдан әрі – Орталықтар) кәмелетке толмағанға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактісі бойынша іс-әрекеттері**

15. Орталықтар өз қызметін мынадай жолдар арқылы жүзеге асырады:

1) баланың құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын орган олардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қатер төнген кезде ата-аналарынан (олардың біреуінен) немесе өздері қамқорлығындағы заңды өкілдерден айырып алынған кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген кәмелетке толмағандарды қабылдауды және уақытша күтіп-бағуды қамтамасыз ету;

2) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қараудың бар-жоғын бағалауды жүргізу;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету;

4) жанжалды және өмірлік қиын жағдайларды шешуде заңды өкілдер мен балаларға көмек көрсетуді ұйымдастыру;

5) өмірлік қиын жағдайда жүрген отбасылармен жұмысты ұйымдастыру.

---